

2013-2015 жылдарға арналған Ақтөбе қаласының бюджеті туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 94 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 қаңтарда № 3478 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 209 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 03.02.2014 № 209 шешімімен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджеттік кодексінің 9 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 23 қарашадағы № 54-V «2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңына және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 75 «2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

2013 - 2015 жылдарға арналған Ақтөбе қаласының бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, тиісінше, соның ішінде 2013 жылға келесі көлемдерде б е к і т і л с і н :

1) кірістер –	36 735 584,2 мың теңге,
	о н ы ң і ш і н д е :
салықтық түсімдер –	14 700 236 мың теңге;
салықтық емес түсімдер –	129 388 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан	
түсетін түсімдер –	150 000 мың теңге;
трансферттер түсімі –	21 710 052,2 мың теңге;
2) шығындар –	40 668 501,6 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу –	0 мың теңге,
	о н ы ң і ш і н д е :
бюджеттік кредиттер –	0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу –	0 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар	
бойынша сальдо –	126 300 мың теңге,
	о н ы ң і ш і н д е :

5. «2013 - 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9 бабына сәйкес: 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 18 660 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 1 7 3 1 т е н г е ;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 18 660 теңге болып белгіленгені басшылыққа және е с к е а л ы н с ы н .

5-1. Функциялардың берілуіне байланысты 2013 жылға арналған қалалық бюджетте облыстық бюджетке нысаналы ағымдағы трансферттер түсімдері қ а р а с т ы р ы л с ы н :

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімді жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге – 162 718,5 мың теңге.

Ескерту. Шешім 5-1 тармағымен толықтырылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 04.12.2013 № 181 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

6. 2013 жылға арналған Ақтөбе қаласының бюджетіне республикалық бюджеттен келесідей мөлшерлерде ағымдағы нысаналы трансферттер түскені е с к е р і л с і н :

мектепке дейінгі білім ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын жүзеге асыруға - 970 662 мың теңге;

Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға жалпы сомасы 37 904 мың теңге , о н ы ң і ш і н д е :

негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика , химия, биология кабинетін оқу жабдығымен жарақтандыруға – 24 582 мың т е н г е ;

үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламамен қамтуға – 2 4 0 1 , 7 м ы ң т е н г е .

жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына (қамқоршыларына) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдеріне – 74 658 мың теңге;

мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы көлемін ұлғайтуға – 166 962 м ы ң т е н г е ;

үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге

еңбекақыларын көтеруге – 50 820 мың теңге;
алынып тасталды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 24.01.2013
№ 109 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.
алынып тасталды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 24.01.2013
№ 109 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.
алынып тасталды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 24.01.2013
№ 109 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.
алынып тасталды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 24.01.2013
№ 109 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.
арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуді іске асыруға жалпы сомасы – 14
103 мың теңге, оның ішінде:
әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге – 14 103 мың теңге;
алынып тасталды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 24.01.2013
№ 109 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.
эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге – 21 100 мың теңге;
жергілікті атқарушы органдардың штаттық санын ұлғайтуға - 3 167 мың теңге
;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімді жан басына шаққандағы
қаржыландыруды сынақтан өткізуге - 217 870,3 мың теңге.
аталған нысаналы даму трансферттерінің сомаларын бөлу қала әкімдігінің
қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 6 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық
мәслихатының 24.01.2013 № 109 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі);
25.04.2013 № 132 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.07.2013 № 146 (
01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.11.2013 № 172 (01.01.2013 бастап
қолданысқа енгізіледі); 04.12.2013 № 181 (01.01.2013 бастап қолданысқа
енгізіледі) шешімдерімен.

7. 2013 жылға арналған Ақтөбе қаласының бюджетіне республикалық
бюджеттен дамыту мен несиеге келесідей мөлшерлерде нысаналы даму
трансферттері түскені ескерілсін:
білім беру объектілерін салу және реконструкциялауға – 1 208 339 мың теңге;
мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйді жобалауға,
құрылысына және (немесе) сатып алуға – 3 605 920 мың теңге;
инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға,
жайластыру және (немесе) сатып алуға – 1 941 064 мың теңге;
алынып тасталды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 24.01.2013
№ 109 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

коммуналдық шаруашылықты дамытуға – 787 778 мың теңге;
сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға – 3 641 235 мың теңге;
жылу-энергетикалық жүйені дамытуға – 604 555 мың теңге.

Аталған нысаналы даму трансферттерінің сомаларын бөлу қала әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 7 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 24.01.2013 № 109 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2013 № 181 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

8. 2013 жылға арналған Ақтөбе қаласының бюджетіне облыстық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер, даму трансферттері мен кредиттері түскені ескерілсін, оның ішінде:

білім беру объектілерін салу және реконструкциялауға – 500 028 мың теңге;
мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйді жобалауға, құрылысына және (немесе) сатып алуға – 1 634 476 мың теңге;
инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыру және (немесе) сатып алуға – 784 073 мың теңге;
коммуналдық шаруашылықты дамытуға – 636 447 мың теңге;
сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуіне – 837 146 мың теңге;
қаланы және елді мекендерді көркейтуді дамытуға – 273 545 мың теңге;
спорт және туризм объектілерін дамытуға – 575 425 мың теңге;
жылу-энергетикалық жүйені дамытуға – 321 000 мың теңге;
көлік инфрақұрылымын дамытуға – 1 907 148,5 мың теңге;
елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыруға – 432 403 мың теңге;

алынып тасталды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 24.01.2013 № 109 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2 111 012,7 мың теңге - аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын (қала көшелерін) және елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу;

білім беру нысандарын күтіп ұстауға - 287 865 мың теңге;
жаңа іске қосылған білім беру нысандарын күтіп ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға - 376 874 мың теңге;
білім беру нысандарына күрделі жөндеуге – 129 840,3 мың теңге;

Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне бір мезеттік материалдық көмек көрсетуге – 1 036 9,1 мың теңге;

елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға – 140 442 мың теңге;
жергілікті атқарушы органдардың штаттық санын ұлғайтуға - 7 715 мың теңге;
;

Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде ауылдық елді мекендерді дамытуға – 12 500,5 мың теңге;
білім беру мекемелерінде электронды оқыту жүйесін енгізуге – 13 569 мың

т е н г е ;

мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттарды табыс етуге - 9 952 мың теңге.

Аталған трансферттер сомаларын бөлу қала әкімдігінің қаулысы негізінде а й қ ы н д а л а д ы .

Ескерту. 8 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 24.01.2013 № 109 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.04.2013 № 132 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.07.2013 № 152 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.11.2013 № 172 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9. Ақтөбе қаласының жергілікті атқарушы органының 2013 жылға арналған резерві 81 088,3 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 9 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 25.04.2013 № 132 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.07.2013 № 152 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.11.2013 № 172 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. 2013 жылға арналған Ақтөбе қаласының бюджетін атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын қалалық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. Осы шешім 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат Қалалық мәслихаттың
сессиясының төрағасы хатшысы

А. Айтжанов

С. Шынтасова

Ақтөбе қалалық мәслихатының
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 94 шешіміне 1 қосымша

2013 жылға арналған Ақтөбе қаласының нақтыланған бюджеті

Ескерту. 1 қосымша жана редакцияда - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 04.12.2013 № 181 (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
			Кірістердің атауы	
1	2	3	4	5
			I. КІРІСТЕР	36735584,2
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	14700236,0
	01		Табыс салығы	4894563,0

	2	Жеке табыс салығы	4894563,0
03		Әлеуметтік салық	1948960,0
	1	Әлеуметтік салық	1948960,0
04		Меншікке салынатын салықтар	4177525,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	2644915,0
	3	Жер салығы	400845,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	1129890,0
	5	Бірыңғай жер салығы	1875,0
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	3343735,0
	2	Акциздер	2743716,0
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	183543,0
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	322772,0
	5	Ойын бизнесіне салық	93704,0
08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	335453,0
	1	Мемлекеттік баж	335453,0
2		САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	129388,0
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	42761,6
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	41789,0
	7	Қарыз алушы банктерге жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	972,6
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3200,0
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3200,0
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	83426,4
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	83426,4
3		НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ САТУДАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР	195908,0
01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	45908,0

		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	45908,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	150000,0
		1	Жерді сату	150000,0
4			ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ ТҮСІМДЕРІ	21710052,2
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	21710052,2
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	21710052,2
Функционалдық топ				Сомасы (мың теңге)
	Кіші функция			
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
		Бағдарлама		
			Шығындар атаулары	
			II. ШЫҒЫНДАР	40668501,6
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	463420,5
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	342914,5
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатының аппараты	42926,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	42243,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	683,0
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің аппараты	225985,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	215640,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10345,0
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	74003,5
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	69186,6
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4816,9
	2		Қаржылық қызмет	26263,0
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	26263,0
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	3364,1
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	21847,9
		033	Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және біржолғы талондарды сатудан түскен сомаларды толық алынуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізген мемлекеттік мекемені тарату бойынша іс-шаралар өткізу	1051,0

	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	94243,0
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	82743,0
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау , бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	78083,0
			015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4660,0
		467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	11500,0
			040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	11500,0
02				Қорғаныс	5071,0
	1			Әскери мұқтаждар	4353,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің аппараты	4353,0
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	4353,0
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	718,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің аппараты	718,0
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	218,0
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс шаралар	500,0
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	224356,0
	9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	224356,0
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	224356,0
			021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	224356,0
04				Білім беру	12950858,9
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	2748866,9
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2748866,9

		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	1778204,9
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	970662,0
2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	7591118,1
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	7591118,1
		003	Жалпы білім беру	7066174,1
		006	Балаларға қосымша білім беру	524944,0
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	2610873,9
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	870995,1
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	45193,0
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	29448,0
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	29472,0
		012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	552,0
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына (қамқоршыларына) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	74658,0
		019	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттарды табыс ету	9952,0
		020	Үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз ету	2401,8
		050	Жанадан іске қосылатын білім беру объектілерін күтіп-ұстау	366833,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	312485,3
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1739878,8
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1739878,8
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1027646,8
	2		Әлеуметтік көмек	951796,2
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	951796,2

		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	47152,0
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	3506,0
		006	Тұрғын үй көмегі	8930,0
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	642155,1
		009	1999 жылдың 26 шілдесінде «Отан», «Даңқ» ордендерімен марапатталған, «Халық Қаһарманы» атағын және республиканың құрметті атақтарын алған азаматтарды әлеуметтік қолдау	123,0
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1418,0
		013	Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу	54965,0
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	94747,0
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	45900,0
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	52900,1
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	0,0
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	75850,6
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	75850,6
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	62195,0
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2650,0
		012	Ақпараттық жүйелер құру	27,0
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6768,6
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	4210,0
07			Тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық	16864586,9
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	8378546,4
		455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	170,0

		024	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	170,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	29860,0
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	27554,0
		004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	147,0
		005	Авариялық және ескі тұрғын үйлерді бұзу	400,0
		031	Кондоминиум объектісіне техникалық паспорттар дайындау	1759,0
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	60000,0
		016	Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алу	60000,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	12330,5
		026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	12330,5
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	8254261,9
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	5458673,7
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	2795540,6
		074	Жұмыспен қамту 2020 жол картасының екінші бағыты шеңберінде жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту мен жайластыруға	47,6
	479		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы бөлімі	21924,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21924,0
2			Коммуналдық шаруашылық	6085523,2
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	272466,0
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	119166,0

		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	50000,0
		027	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі газ жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	3300,0
		029	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	100000,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	5813057,2
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	1433319,4
		006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	4379737,8
3			Елді мекендерді көркейту	2400517,3
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1992211,2
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	492443,0
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	545270,0
		017	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқтарды жерлеу	14070,0
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	940428,2
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	408306,1
		007	Қаланы және елді мекендерді көркейтуді дамыту	408306,1
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1363515,7
1			Мәдениет саласындағы қызмет	424911,5
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	424911,5
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	424911,5
2			Спорт	698719,4
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	123294,4
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	88994,4
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қаланың) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	34300,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	575425,0
		008	Спорт және туризм объектілерін дамыту	575425,0
3			Ақпараттық кеңістік	84457,2
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	46964,0
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	42869,0

		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	4095,0
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	37493,2
		002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	23941,4
		005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	13551,8
9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	155427,6
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	111620,8
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19170,4
		010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	400,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	92050,4
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	28719,0
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20048,0
		003	Жастар саясаты саласындағы іс-шараларды іске асыру	8184,1
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	486,9
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	15087,8
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14742,8
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	345,0
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	928841,0
9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы басқа да қызметтер	928841,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	928841,0
		009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	928841,0

10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	109855,1
	1		Ауыл шаруашылығы	56092,1
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	9440,8
		010	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	9440,8
		474	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	46651,3
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22504,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3821,0
		005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2196,0
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	1662,9
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	16049,0
		012	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу	418,4
	6		Жер қатынастары	32663,0
		463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	32663,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	32400,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	263,0
	9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	21100,0
		474	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	21100,0
		013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	21100,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	56319,2
	2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	56319,2
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	27922,2
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27430,0
		017	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	492,2

		468	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	28397,0
		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21997,0
		003	Ауданның қала құрылысы даму аумағын және елді мекендердің бас жоспарлары схемаларын әзірлеу	6000,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	400,0
12			Көлік және коммуникация	5748186,0
	1		Автомобиль көлігі	4830201,0
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4830201,0
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	1938163,4
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	781024,9
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	2111012,7
	9		Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	917985,0
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	917985,0
		024	Кентішілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру	917985,0
13			Басқалар	233878,3
	3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	34576,0
		469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	34576,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22107,8
		003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	8080,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4388,2
	9		Басқалар	199302,3
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	113964,4

		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	63517,3
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	897,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	49550,1
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	81088,3
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	81088,3
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	4249,6
		077	«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымын дамыту	4249,6
14			Борышқа қызмет көрсету	972,6
	1		Борышқа қызмет көрсету	972,6
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	972,6
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	972,6
15			Трансферттер	690993,6
	1		Трансферттер	690993,6
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	690993,6
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	256062,1
		016	Нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару	272213,0
		024	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	162718,5
			IV. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО	126300,0
			Қаржылық активтерді сатып алу	126300,0
13			Басқалар	126300,0
	9		Басқалар	126300,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	126300,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	122300,0

		474	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	4000,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	4000,0
			V. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТ)	-4059217,4
			VI. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТТІ ПАЙДАЛАНУ)	4059217,4
7			Қарыздар түсімі	2652640,0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	2652640,0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	2652640,0
		03	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алатын қарыздары	2652640,0
16			Қарыздарды өтеу	1052000,0
	1		Қарыздарды өтеу	1052000,0
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1052000,0
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	1052000,0
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	2458577,4
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	2458577,4
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2458577,4
		01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2458577,4

А қ т ө б е қ а л а л ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 0 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 94 ш е ш і м і н е 2 қ о с ы м ш а

2014 жылға арналған Ақтөбе қаласының бюджеті

Санаты				Мөлшері (мың теңге)
Сыныбы				
	Ішкі сыныбы			
		Кірістер атаулары		
1	2	3	4	5
			I. КІРІСТЕР	25547045
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	14645118
	01		Табыс салығы	4739651
		2	Жеке табыс салығы	4739651
	03		Әлеуметтік салық	2095103
		1	Әлеуметтік салық	2095103
	04		Меншікке салынатын салықтар	4282581

		1	Мүлікке салынатын салықтар	2550293	
		3	Жер салығы	448662	
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1281479	
		5	Бірыңғай жер салығы	2146	
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	3223411	
		2	Акциздер	2529117	
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	185691	
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	372663	
		5	Ойын бизнесіне салық	135940	
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	304371	
		1	Мемлекеттік баж	304371	
2			САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	84749	
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	44714	
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	44714	
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3400	
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3400	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	36635	
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	36635	
3			НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ САТУДАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР	65735	
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	65735	
		1	Жерді сату	65735	
4			ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ ТҮСІМДЕРІ	10751443	
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	10751443	
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	10751443	
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
			Шығындар атаулары		
			II. Шығындар	26275810	
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	410003	

1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	316573
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатының аппараты	32239
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	32156
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	83
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің аппараты	284334
